

Қорықтар мен ұлттық парктер құруға қатысты мәселелер жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 шілдедегі N 2392 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес, қорықтар мен ұлттық парктер ұйымдастыру тәртібін оңайлату мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

I. Қорықтар мен ұлттық парктер құруға қатысты мәселелер жөніндегі Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгертулер енгізілсін:

1. 1990 жылғы 16 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1990 ж., N 47, 429-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 309-құжат; N 16, 411-құжат; 1993 ж., N 8, 183-құжат);

15-1-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қорықтар, ұлттық табиғи парктер және басқа республикалық маңызы бар айрықша қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілер құру;

144-баптағы:

Бірінші бөлік алып тасталсын:

екінші және үшінші бөліктер тиісінше бірінші және екінші болып саналсын.

2. "Қазақ ССР-інде айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы" 1991 жылғы 18 маусымдағы Қазақ ССР-інің Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 26, 332-құжат):

9-баптың алтыншы абзацы алып тасталсын;

11-баптың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қорықтар, ұлттық табиғи парктер және басқа республикалық маңызы бар айрықша қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілер құру жөнінде шешімдер қабылдау";

53-баптағы:

1-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қорықтарды, ұлттық табиғи парктерді және басқа республикалық маңызы бар айрықша қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілерді Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің, бұған арнайы уәкілдік берілген басқа да органдар мен ғылыми ұйымдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті құрады".

2-тармақ алып тасталсын;

3-және 4-тармақтар тиісінше 2 және 3-ші болып саналсын, олар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жергілікті маңызы бар тарихи-табиғи және мемориалдық парктер Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Мәдениет министрлігі органдарының ұсынуы бойынша тиісті әкімшіліктердің шешімімен құрылады.

3. Жергілікті маңызы бар заказниктер, табиғат ескерткіштері, ботаникалық бақтар, зоологиялық парктер, дендрологиялық парктер, курорттар мен рекреациялық аймақтар Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігінің органдары мен ғылыми ұйымдардың ұсынуы бойынша тиісті әкімшіліктердің шешімімен құрылады".

3. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті туралы"

1991 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 27, 355-құжат);

23-баптың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"коруықтар ұлттық табиғи парктер және басқа республикалық маңызы бар айрықша қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілер құру жөнінде шешімдер қабылдайды".

II. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті